



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

Ұлттық валютаның банкноттары туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі сырт жағында Ұлттық Банктің логотипі мен Төрағасының қолы қойылмаған номиналы 2 000 (екі мың) теңгелік ұлттық валютаның жасанды банкноттары туралы ақпарат әлеуметтік желілерде таралды деген мәліметке байланысты төмендегіні хабарлайды.

2016 жылға дейін Ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес ұлттық валюта банкноттарының бет немесе сырт жағында Ұлттық Банк Төрағасының қойылған қолының болуы талаптардың бірі болды.

2016 жылы Ұлттық валюта банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына өзгерістер енгізілуіне байланысты ұлттық валюта банкноттарында **Ұлттық Банк Төрағасының қойылған қолының болуы туралы талап алып тасталды.**

Осылайша, 2016 жылы Ұлттық валюта банкноттары мен монеталарының дизайны тұжырымдамасының аталған талабы қолданысқа енгізілгеннен кейін мына:

- 500 теңгелік (2017 жылғы үлгі);
- 1 000 теңгелік (2014 жылғы үлгі);
- 2 000 теңгелік (2012 жылғы үлгі);
- 5 000 теңгелік (2011 жылғы үлгі);
- 10 000 теңгелік (2012 жылғы үлгі)

ұлттық валюта банкноттарының номиналдық қатары **Ұлттық Банк Төрағасының қолы қойылмай дайындалады және қолма-қол ақша айналысына шығарылады.**

Қазіргі уақытта Ұлттық Банк Төрағасының қолы қойылған, сол сияқты қолы қойылмаған айналыстағы ұлттық валюта банкноттары **заңды төлем құралы болып табылады және төлемдердің барлық түрлері бойынша қабылдануға тиіс!**

Бұл ретте алаяқтардың қармағына түсіп қалмау үшін Ұлттық Банк Төрағасының қолы қойылған және қолы қойылмаған ұлттық валютаның түпнұсқа банкноттарында мыналарға назар аудару жеткілікті:

- бейнелер анық, бұлыңғыр емес;
- қағаздың өзіне тән сықыры болады және ультракүлгін сәулелердің әсерінен жарық өткізбейді;
- мифтік құс – Самұрықтың бейнесін және айқындылық деңгейі жоғары номиналды бейнелейтін сутамғы белгілері жарықта көрінеді;
- банкноттың бет және сырт жағындағы беттесетін элементтер жарыққа тосып қарағанда тұтас сурет құрап беттеседі;

- банкноттың бет және сырт жағында арнайы бедерлі мөрдi саусақ ұшымен сезiнуге болады;
- түсi өзгеретiн бояумен салынған сурет түрiндегi бейнелер бар. Банкноттың көлбеу бұрышын өзгерту кезiнде бейнелердiң түсi жасылдан алтын түстеске ауысады;
- жарықта бiртұтас сызықты құрайтын қорғаныш үзiк-үзiк жiп бар.

Ұлттық Банк тұрғындарды сақ болуға және шынайы банкноттарды жасанды банкноттардан ажыратуға көмектесетiн бiрнеше ережелердi сақтауға шақырады.


1. Алдымен банкнотты **сезiну** керек. Банкнот қағазының өзiне тән сықыры болады. Банкноттарда бедер беретiн арнайы мөр болады. Бұл бедердi «Қазақ елi» монументi орналасқан жерде, банкнот номиналының әрiптiк бейнесi, сәулет бейнелерi, Қазақстан картасы және «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКI» деген сөздерi бар жерде сезiнуге болады.



Барлық банкноттарда көру қабілеті нашар адамдар үшін саусақтың ұшымен жақсы ажыратуға болатын шығыңқы жоғары бедерлі элементтер түріндегі таңбалар бар.



2. Содан кейін банкнотқа мұқият **қарау керек**. Банкноттың түсі анық және контрастылы болуы қажет, номиналдың сутамғы белгілері мен цифрлық бейнесін көру үшін банкнотты жарыққа тосып қараған жөн.



Сол сияқты банкноттың бетінде жарыққа тосып қараған кезде түтас жіп ретінде анық көрінетін жазуы бар пунктир түріндегі біртү және үзік-үзік жіпке назар аудару керек.



3. Соңында банкнотты **аударып қарау керек**. 1000, 2000, 5000, 10000 және 20 000 теңгелік номиналды банкноттарда түсі ауысатын бояумен салынған сурет түріндегі бейнелер бар. Банкноттың көлбеу бұрышын өзгерткен кезде бейнелердің түсі жасылдан алтын түстеске өзгереді.



2000 және 5000 теңгелік номиналды банкноттардың сырт жағында голографиялық жолақ бар. Голограммадағы бейнелер динамикалық әсермен мың құбылады.



Банкноттардың түпнұсқалығын арнайы жабдықтың көмегінсіз тез көзбен тексеру үшін **сезін, қара және аударып көр** әдістері жеткілікті. Бұл әдіс 5 секундтан артық уақыт алмайды және әрбір адамға банкноттардың түпнұсқалығын анықтауға көмектеседі.